

РАЗВИТИЕ ОТЕЧЕСТВЕННОГО ВАГОНОСТРОЕНИЯ ДОЛЖНО СТРОИТЬСЯ НА ПРИНЦИПАХ ПРОМЫШЛЕННОЙ КООПЕРАЦИИ И ФОРМИРОВАНИЯ УСТОЙЧИВОЙ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ЦЕПОЧКИ – ОТ ПОСТАВЩИКОВ СЫРЬЯ И МАТЕРИАЛОВ ДО ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ КОМПЛЕКТУЮЩИХ И СЕРВИСНЫХ КОМПАНИЙ. НЕОБХОДИМО СФОРМИРОВАТЬ ПРОМЫШЛЕННЫЙ КЛАСТЕР ВОКРУГ КЛЮЧЕВЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ ОТРАСЛИ, КОТОРЫЙ ОБЪЕДИНИТ ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ КОМПЛЕКТУЮЩИХ И ПОЛУФАБРИКАТОВ, ПОСТАВЩИКОВ МАТЕРИАЛОВ, СЕРВИСНЫЕ КОМПАНИИ, А ТАКЖЕ НАУЧНЫЕ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ. ТАКОЙ ПОДХОД ПОЗВОЛИТ СОЗДАТЬ НОВЫЕ РАБОЧИЕ МЕСТА, УВЕЛИЧИТЬ ОБЪЕМЫ ПРОИЗВОДСТВА И ПОВЫСИТЬ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ОТРАСЛИ.

Нурлыбек НАЛИБАЕВ,
первый заместитель Премьер-министра РК



№70 (3217)
04/09/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



«ҚЫЗЫЛЖАР-МОЙЫНТЫ»: ЖОЛ ТҮЙІСТІ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша көлік-логистикалық әлеуетті арттыру және халықаралық тасымалдарды дамыту мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Қызылжар-Мойынты» теміржол желісінде басты жолдың түйісуі өтті.



Бір жылдан аз уақыт ішінде құрылысшылар негізгі жолдың шамамен 320 шақырымын салды. Жалпы ұзындығы 323,3 шақырым болатын жаңа теміржол желісі Ұлытау және Қарағанды облыстарының аумағы арқылы өтеді. Ол Транскаспий халықаралық көлік бағдарының маңызды бөлігі болмақ. Қазақстанның ірі инфрақұрылымдық жобаларының бірінде құрылыс жұмыстары жоғары қарқынмен жүріп жатыр және кесте бойынша жалғасуда. Құрылыс барысында мамандар күрделі технологиялық шешімдерді орындауда. Жол төсеу, оның ішінде көпір құрылыстарында айналма желілер салу арқылы жүргізілді.

Қазіргі таңда жер жұмыстарының 93 пайызы аяқталған. 202,5 шақырым темір жол төселіп, 96 су өткізу құбыры мен жеті көпір салынды. Құрылысқа 2 мыңға жуық маман және 700-ге жуық арнайы техника тартылған. Жобаның бас мердігері – «Integra Construction KZ» ЖШС. Ұлытау және Қарағанды облыстарының аумағы арқылы өтетін жаңа теміржол желісі тасымалдау бағытын 149 шақырымға қысқартып, Мойынты мен Жарық станцияларындағы локомотив ауыстыру қажеттілігін жояды.

Желіні пайдалануға бергеннен кейін жүк және транзиттік тасымалдау мүмкіндіктері артады. Жаңа темір жол өңірлердің көлік байланысын нығайтады және Қазақстан экономикасының одан әрі дамуына жағдай жасайды.

Жәнібек КЕРЕЙ
Суретті түсірген автор

ПЕРВЫЙ МИЛЛИОН – НА СТАРТЕ СЕЗОНА



Первый миллион тонн зерна перевезен по сети АО «КТЖ» в новом сезоне уже на старте уборочной кампании.

В августе железная дорога перевезла 1 157 тысяч тонн зерна, что на 35% выше показателя аналогичного периода прошлого года.

Большая часть перевозок пришлась на экспорт – отправлено 895 тысяч тонн, рост по сравнению с тем же периодом 2025 года – на 46%, на внутренний рынок – 262 тысячи тонн. Перевозки продуктов перемола выросли на 18%. Основной прирост дали традиционные рынки Центральной Азии с ростом на 45%. Отгрузки в Китай увеличились в два раза, в Афганистан – более чем в три раза.

Как сообщили в пресс-службе компании, уборка в этом году началась раньше обычного, и пик отгрузок сместился на август. Сеть отработала его без ограничений. КТЖ подошла к сезону с достаточным парком, на сети работают порядка 15,2 тысячи зерновозов и 17,1 тысячи крытых вагонов. При ритмичной подаче заявок грузоотправителями и своевременной выгрузке новый урожай будет вывезен имеющимся парком.

Для координации перевозок зерна нового урожая работает оперативный штаб с участием подразделений и дочерних организаций КТЖ, операторов вагонного парка, морских портов, зерновых союзов и экспортеров. Аналогичные штабы работают в отделениях грузовых перевозок. Пик вывоза урожая традиционно приходится на сентябрь-октябрь. Компания обеспечивает приоритетное продвижение зерновых грузов на всех направлениях и держит перевозки зерна и продуктов перемола на постоянном контроле.

Махамбат НЕГЕМБАЕВА



Оразғали АХМЕТБАЕВ,
«Қазтеміржолкәсіп» ҚБ
төрағасы:

ДОСТЫҚ ЖӘНЕ АЛА-ШАҢҚАЙ СТАНЦИЯЛАРЫНДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙДЫҢ ШЕКАРАЛЫҚ ТЕМІРЖОЛ СТАНЦИЯЛАРЫНДА ІІІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ ӨТІП, ЕКІ ЕЛДІҢ ҮЗДІК ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫ САЙЫСҚА ТҮСТІ. БҮЛ БАЙҚАУ ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ҒАНА ЕМЕС, СОНДАЙ-АҚ ДОСТЫҚТЫҢ, ӨЗАРА СЕНІМНІҢ ЖӘНЕ БЕРІК ҮЗАҚ МЕРЗІМДІ СЕРІКТЕСТІКТІҢ МЫЗҒЫМАС ҚҰНДЫЛЫҒЫН ТАҒЫ ДА АЙҚЫН ДӘЛІЛДЕДІ

Сотрудничество

КАЗАХСТАН УКРЕПЛЯЕТ ТРАНСПОРТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ШОС

Глава государства Касым-Жомарт Токаев отметил стратегическую важность географической связанности государств Шанхайской организации сотрудничества и подчеркнул необходимость дальнейшего развития транспортно-логистической инфраструктуры.



Айлин БАУРЖАН,
Астана

По его словам, Казахстан придает особое значение сопряжению ключевых международных транспортных маршрутов, включая мегапроект «Один пояс, один путь», Транскаспийский международный транспортный маршрут, коридор Север – Юг, а также перспективные торговые направления между Центральной и Южной Азией.

– Казахстан готов содействовать продвижению транспортных инициатив на

всем пространстве Шанхайской организации сотрудничества. Поддерживаем цифровизацию таможенных процедур, взаимное признание электронных документов, применение принципа «зеленых коридоров» и других современных механизмов. Эффективным решением могло бы стать создание Единой цифровой платформы транзита ШОС для беспрепятственного сопровождения грузов от пункта отправления до конечного получателя. Предлагаем разработать и принять Стратегию транспортной взаимосвязанности Шанхайской орга-

низации сотрудничества до 2035 года, – подчеркнул Президент Казахстана.

По мнению Главы государства, развитие единого транспортного пространства, цифровизация процедур и внедрение современных механизмов сопровождения грузов способны повысить эффективность транзитных перевозок и укрепить связанность стран региона. Предложение о создании Единой цифровой платформы транзита ШОС направлено на то, чтобы обеспечить более беспрепятственное движение грузов по международным маршрутам.

АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛҒАНДАР



ҚАУІПСІЗДІК



Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Сала мамандарының айтуынша, барлық оқыс оқиғалар автокөлік жүргізушілерінің кінәсінен орын алған. Олар пойыздың жолына шығып кетіп дабыл талаптарын сақтамаған немесе көлік құралының ақаулына байланысты өткелден дер кезінде өтіп кете алмай қалады.

Мәселен, 29 тамызда жүк пойызы Матай – Ақтоғай учаскесінде сағатына 37 км/сағ жылдамдықпен жүріп келе жатып, Қаратас – Көкшалғын өткелінде машинист КамАЗ жүк көлігін байқап қалған. Ол 300 метр қашықтықта шұғыл тежеуді қолданып, соқтығысудың алдын алды. Жүк көлігінің жүргізушісі оқиға орнынан кетіп қалған. Пойыздың кешігуі 18 минутты құраған. Ақпарат Үштөбе станциясының полициясына берілді.

Ал 27 тамызда Көкшетау – Жамантұз аралығында жүк пойызының машинисі 60 км/сағ жылдамдықта келе жатып шұғыл тежеуді қолдануға мәжбүр болған. Нәтижесінде жеңіл

автомобильмен соқтығысудың алдын алды. Көлік жүргізушісі мұнда да оқиға орнынан қашып кетті. Ақпарат құқық қорғау органдарына берілді. Келесі бір оқиға, 9 шілдеде Тобыл – Әйтеке би учаскесінде болған. Жүк пойызының машинисі 75 км/сағ жылдамдықпен келе жатып шұғыл тежеу беріп, реттелетін өткелде трактормен соқтығысудың алдын алған. Ал 10 шілдеде Тобыл – Жітіқара учаскесінде пойыз жүргізушісі Тойота автокөлігінің өткелге шығуына байланысты 65 км/сағ жылдамдықпен төтенше тежеуді қолданды. Бұл оқиғада да көлік жүргізушісі Жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзған.

Мамандар қауіпті жағдайлар ережелерді бұзудан ғана туындамайтынын, кейде автомобильдің техникалық ақаулығы да себеп болатынын жасырмайды. Айталық, 12 тамызда Қарағанды – Сұрыптау – Астана учаскесінде Volkswagen автокөлігі техникалық ақаулығына байланысты тұра өткелге келгенде тоқтап қалған. Салмағы 1,1 мың тоннадан асатын пойыз 76 км/сағ жылдамдықпен келе жатып,



шұғыл тежеу беріп үлгерген. Жолды тез босатқанмен пойыз 10 минутқа кешікті. 19 шілдеде Алматы-1 – Сарыөзек учаскесінің Байсерке – Қайрат өткелінде ұзын өлшемді автовоз да кенеттен тұрып қалған. Машинист 56 км/сағ жылдамдықта келе жатып шұғыл тежеуді қолданып, соқтығысудың алдын алды. 4 шілдеде Махамбет станциясында №62 қалалық маршруттың автобус жүргізушісі 3 км/сағ жылдамдықпен жылжып келе жатқан жылжымалы құрамға жол бермеді. Мұнда да жүргізуші оқиға орнынан кетіп қалған. Зардап шеккендер жоқ, жылжымалы құрамға да залал келмеді. Ақпарат полицияға берілді.

ҚТЖ мамандары, теміржол өткелінде жүргізушінің қателігі оның және жанындағы адамдардың өміріне қауіп тудыруы мүмкін екенін, сондықтан өткелдің алдында жылдамдықты төмендету, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бағдаршам мен шлагбаум сигналдарына бағыну қажет екендігін еске салады. Егер автомобиль жол үстінде ақауы сыр беріп тұрып қалса, өткелден мүмкіндігінше тез кетіп, бұл туралы жедел қызметтерге хабарлау қажет. Ең қауіпсіз нұсқа – егер көлік қозғалысына тыйым салынса, жолға шықпау және әрқашан пойызға жол беру.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ОКОЛО

968,5

ТЫСЯЧИ ТОНН ГРУЗОВ
ОТПРАВЛЕНО В КОНТЕЙНЕРАХ
В КОСТАНИЙСКОМ
ОТДЕЛЕНИИ ГП.

В 2026 ГОДУ БУДУТ
ЗАМЕНЕНЫ

4

ВЕТХИХ ПОСТА ЭЛЕКТРИЧЕСКОЙ ЦЕНТРАЛИЗАЦИИ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ НАДЕЖНОСТИ РАБОТЫ УСТРОЙСТВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ АВТОМАТИКИ И СВЯЗИ.

КОРПОРАТИВНЫЕ
ВОЛОНТЕРЫ КТЖ СОБРАЛИ
ШКОЛЬНЫЕ НАБОРЫ ДЛЯ

730

ПЕРВОКЛАССНИКОВ
ИЗ МНОГОДЕТНЫХ СЕМЕЙ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ.

АЛҒАШҚЫ САБАҚ – ҚАУІПСІЗДІК

Айназ СЫРЫМБЕТ,
Тараз



Әскерилендірілген теміржол күзеті Тараз филиалының әкімшілік қызметкерлері және шұғыл әрекет ететін оңтайлы топ күзетшілері 1 қыркүйекте темір жол бойына жақын орналасқан мектептерге барып, профилактикалық сабақ өткізді.



Білім күніндегі алғашқы сабақ темір жол бойында жүріп-тұрудың қауіпсіздік ережелеріне арналды. Мамандар шойын жолда жазатайым оқиғалардың азаймай тұрғанын ескертіп, мұндай фактілерге көп жағдайда зардап шеккендердің қауіпсіздік шараларын сақтамауы себеп болатынын түсіндірді.

– Оқушылар арасындағы профилактикалық іс-шараларды жаңа оқу жылының алғашқы күнінен бастауды жөн көрдік. Жазатайым жағдайлардың салдарын талдаудан бұрын оның алдын алу маңызды. Әсіресе жасөспірімдерге темір жолдың қауіпті аймақ екенін оқу жылының алғашқы күні тағы да еске салу артық болмайды. Қауіпсіздік ережесін бұзғандар жауапкершілікке тартылатыны да ескертілді. Өйткені оқушылар сабаққа асығып бара жатып, жолды қысқарту үшін темір жолды белгіленбеген жерлерден, жақындап қалған пойыздың алдынан кесіп өтуге тырысады. Біздің мақсатымыз – мұның салдары қандай болуы мүмкін екенін ашық айтып ескерту. Мұғалімдерге, ата-аналар мен оқушыларға әр істің жауапкершілігі бар екенін еске салу, – дейді Әскерилендірілген теміржол күзеті Тараз филиалының директоры Еркін Мүсілімов.

Суретті түсірген автор

ӨЗ ӨМІРІНДІ ТӘУЕКЕЛГЕ ТІКПЕ...



Тамыз айында Алматы-І станциясының мамандары желілік полиция қызметкерлерімен бірлесіп «Қауіпсіз жол» онкүндігін ұйымдастырды.

Темір жол – қателікті де, салғырттықты да кешірмейді. Көпшілігіміз «пойыз әлі алыста ғой, өтіп үлгеремін» деп ойлап, өз өмірімізді тәуекелге тігіп жатамыз. Ал алып құрам алдағы кедергіні байқап оқыс тежеу берсе де бірден тоқтамайтынын естен шығармаған жөн. Пойыз бір километрге дейін инерциямен жылжи береді. Машинист сізді көріп, апаттық тежеуді қосқанның өзінде пойыз бір сәтте тұра қалмайды. Онкүндік аясында станцияға жақын елдімекендерді аралап, тұрғындармен профилактикалық жұмыс жүргізіліп, теміржол бойындағы қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Мектеп оқушыларымен арнайы кездесіп, олардың сұрақтарына жауап берілді.

Мысалы, қозғалмай тұрған вагонның астынан өту неге қауіпсіз деген жасөспірімнің сауалына орай тоқтап тұрған пойыздың астынан бауырлап өту немесе вагондардың арасынан секіріп өту – ажалмен ойнаумен бірдей екені, құрам кез келген секундта сізге ескертусіз орнынан қозғалып кетуі мүмкін екені жан-жақты мысалдармен түсіндірілді.

Сонымен қатар бүгінгі таңда теміржол бойындағы қайғылы оқиғалардың көбі ғылыми күрделі себептерден емес, күнделікті өзіміз қолданып жүрген смартфон мен құлаққаптың салдарынан да орын алып жататыны ескертілді. Темір жол – балалардың ойын алаңы да, суретке түсетін фотодекорация да емес. Вагондардың үстіне шығу, жоғары кернеулі ток сымдарына жақындау немесе рельс бойымен серуендеу орны толмас өкінішке келеді.

Ерлан ҚУАНДЫҚОВ,

Алматы магистральдық желі бөлімшесі Алматы-І станциясының бас инженері

ИСАТАЙДА – ЖАҢА ВОКЗАЛ

Атырау облысында Гурьев-Астрахань темір жолы төселген өткен ғасырдың жетпісінші жылдары бой көтерген Исатай станциясының вокзалы жаңадан салынып, пайдалануға берілді.



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Көптен күткен вокзалдың ашылуына ауыл тұрғындары тайлы-тұяғы қалмай түгел жиналып, тамашалады. Жергілікті теміржолшылар, сала ардагерлері қатысқан жиында Исатай ауданының әкімі Н.Мусин, Атырау магистральдық желі бөлімше-



сінің басшысы А.Қосымбаев станция халқын жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

Құрылысты жүргізген мердігер – «Теңізмұнайқұрылыс» компаниясы. Вокзал қайта жөндеуден кейін аумағы 129,3-тен 214,65 шаршы метрге дейін ұлғайды. Мұнда шатыр, инженерлік жүйелер, қасбет және ішкі үй-жайлар жаңартылды, жаңа жиһаздар мен

жабдықтар орнатылды, іргелес аумақ абаттандырылды. Әрлеу үшін қазақстандық өндірістің заманауи материалдары қолданылды.

Исатай станциясы аудан орталығынан 83, Атырау қаласынан 180 шақырым қашықта орналасқан. Қазақтың күрескер батыры Исатай Тайманов атындағы 4-ші класты станцияда екі мыңға жуық халық тұрады. 11



жылдық мектеп, медпункт, екі балабақша бар. Станция арқылы Исатайды Атыраумен, сондай-ақ Ресей, Өзбекстан және Тәжікстан бағыттарымен байланыстыратын 10 жолаушылар пойызы өтеді.

Салтанатты жиында мердігер компания өкілдері мен вокзал қызметкерлеріне облыс әкімі атынан Алғыс хат табыс етілді.

Суреттерді түсірген автор

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТҮРКСІБ

Түркістан – Сібір теміржолының қазығы қағылған бұрынғы Луговой, бүгінгі Түрксіб станциясында жаңартылған вокзал пайдалануға берілді. Бұл келер жылы аталып өтетін ұлы құрылыстың жүз жылдығына лайықты тарту болмақ.



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Мемлекет басшысының теміржол вокзалдары мен олардың инфрақұрылымын жаңарту және абаттандыру жөніндегі тапсырмасы аясында «расыр құрылысының» түп қазығы саналатын тарихи станцияға жиналғандар жаңа вокзалдың лентасын қиып, ақ жаулықты аналар шашу шашты. 1927 жылы салынған Түрксіб станциясының вокзалы екі қабатты, ауданы 1273,6 шаршы метрді құрайды. Вокзалдың орташа тәуліктік жолаушылар ағыны 300 адамнан асады.

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі директорының вокзал шаруашылығы бойынша орынбасары Азизхан Қалыбаевтың айтуынша, жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде вокзал ғимараты

заманауи талаптарға сәйкестендіріліп, инженерлік жүйелері толық жаңартылған. Ғимараттың сыртқы және ішкі келбеті жаңарып, жолаушыларға арналған күту залы мен қызмет көрсету аймақтары заманауи үлгіде жабдықталған. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі азаматтардың вокзал аумағында кедергісіз қозғалысы үшін барлық қажетті жағдай жасалған. Ерекше жандарға және кішкентай сәбиі бар аналарға арнайы күту бөлмелері де қарастырылған. Перрон қайта жасалды, іргелес аумақ абаттандырылды.

Вокзалдың ашылу салтанатына қатысқан Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашев жаңарған вокзал өңірінді транзиттік және туристік тұрғыда дамуына үлес қосарына сенім білдірді.

– Түрксіб – еліміздің теміржол тарихымен тығыз байланысты, сондықтан бұл вок-



залдың жаңғыртылуы тарихи нысанды сақтап қана қоймай, оны қазіргі заман талаптарына бейімдеудің нақты үлгісі. Ғасырлық мерейтой қарсаңында вокзалдың жаңарып, заманауи талаптарға сай халық игілігіне берілуінің символдық мәні зор. Бұл – өткенге көрсетілген құрмет, бүгінгі ұрпақтың еңбегі және болашаққа жасалған берік қадам, – деді облыс әкімі.

Бүгінде станция арқылы 20-дан астам республикаішілік, қалааралық және халықаралық жолаушылар пойызы қатынайды. Пойыздар Алматы, Астана, Тараз, Шымкент, Түркістан, Қызылорда, Семей, Павлодар, Петропавл, Қокшетау, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау бағыттарын қамтиды. Ал халықаралық бағытта Алматы – Саратов, Қазан – Бішкек, Бішкек – Мәскеу және Шу – Бішкек пойыздары өтеді.

Суретті түсірген автор

ТӘЖІРИБЕДЕН ТЕХНОЛОГИЯҒА ДЕЙІН



Вагон шаруашылығының жетекші инженері Бимұқанбет Қайырбекұлы – бұл саланың қыр-сырын жылдар бойы меңгерген маман. Теміржолшының айтуынша, бұрын өндірісте маманның жылдар бойы жинаған тәжірибесі шешуші роль атқарса, бүгінде заманауи технологияның ықпалы мол.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Жаңа жүйелердің міндеті адам еңбегін алмастыру емес, теміржолшының жұмысын дәл әрі қауіпсіз ету деп санайды. Дегенмен, технологияның дамуы теміржолшы еңбегін жеңілдеткенімен, жауапкершілікті азайтқан жоқ, керісінше, қауіпсіздікке қойылатын талап күшейе түсті деген пікірде.

Оның еңбек жолы 1998 жылы басталған, отыз жылға жуық тәжірибесі бар. Вагон қараушыдан бастап вагон депосында нұсқаушы, кейін оқыту шебері болды. Өзі үйренгенді кейінгі буынға

үйретті. 2010-2015 жылдары Ақтөбе станциясында басқарушы қызмет атқарып, теміржол жұмысын ұйымдастырушылықта мол тәжірибе жинады. Кейін Ақтөбе бөлімшесінде қауіпсіздік бойынша инспектор болып еңбек етті.

Бүгінде Бимұқанбет Қайырбекұлы – Батыс өңірлік пойыздар қозғалысын басқару орталығының вагон шаруашылығы мекемесінде жетекші инженер. Оның қазіргі жұмысы Батыс өңіріндегі вагон шаруашылығының тұрақты әрі қауіпсіз жұмысын ұйымдастырумен байланысты. Жетекші инженер қызмет атқаратын бөлімде тағы үш инженер және

КТСМ жұмысын бақылап отыратын бес диспетчер бар. Олар пойыздардың қозғалысы кезінде вагондардың техникалық жағдайын бақылауда ұстайды. – Батыс өңірі бойынша жұмыс істейміз. Орал, Қандыағаш, Қазалы, Маңғыстау және Атыраудағы бес вагон пайдалану депосының жұмысын ұйымдастырамыз. Құжаттардың реттелуі мен уақытында жеткізілуін қамтамасыз етеміз. Вагон шаруашылығына да заманауи технологиялар келді. КТСМ арқылы көптеген жұмыс автоматтандырылды. Енді станцияға кірмей-ақ вагонның ақауын анықтауға мүмкіндік

бар. Теміржол саласына енгізіліп жатқан жаңа технологиямен жұмыс істеуге, өндіріске енгізілген әрбір жаңа құрылғыны зерттеп үйренуге асықпыз. Өйткені бүгінде тек тәжірибемізнен алысқа бармайсың, заман көшіне ілесу білу қажет. Яғни заманауи құрылғылар мен цифрлы технологиясыз бір қадам да алға жылжу бүгінгі заманда мүмкін емес, – дейді тәжірибелі маман.

Батыс өңірлік пойыздар қозғалысын басқару орталығының басшысы Дархан Құланбаев биыл кейіпкерімізді теміржол саласына қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен марапаттады.

САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«КТZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «КТZ Express» АҚ) «КТZ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2026 жылдың 18 қыркүйекте 10:00 сағатта Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «КТZ Express» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы 10 қаңтардағы №1 хаттама) «КТZ Express» АҚ Мүлкін өткізу қағидаларына және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлкті сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаны төмендету аукционна мына нысандар шығарылады:


№	Мүлктің атауы	Саны	Бастапқы құны	Бастапқы бағасы	Ең төменгі құны	Кепілдік жарнасы
1	Skoda Super B6, 988BQ01, 2010 жыл	1	5 700 000	17 100 000	5 700 000	855 000
2	Lexus LX 570, 103 RR01, 2019 жыл	1	54 939 000	164 817 000	54 939 000	8 240 850
3	Lexus LX 570, 2014 жыл, 109RR01	1	29 450 000	88 350 000	29 450 000	4 417 500
4	Вахталық вагон	1	614 250	1 842 750	491 400	92 138
5	20 футтық контейнерлер	58	17 322 686	51 968 058	13 858 149	2 598 403

Құрметті әлеуетті сатып алушылар! Объектіні өткізу бағасына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қосылған күн салығы (ҚҚС) 16% мөлшерлеме бойынша қосымша есептелетінін хабарлаймыз. Объектінің түпкілікті құны есептелген

ҚҚС сомасын ескере отырып айқындалады.

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілім веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

БЕЗОПАСНОСТЬ НАЧИНАЕТСЯ С ОТВЕТСТВЕННОСТИ



Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Напомним, первым пунктом назначения железнодорожников отделения магистральной сети и сотрудников ЛОП на станции Павлодар стало село Коктобе Майского района. За шесть месяцев в Павлодарской области зафиксировано 74 случая экстренного торможения, из них в 27 случаях наезда на животных предотвратить не удалось.

На этот раз в акции приняли участие жители и сотрудники станций Ерейментау, Еркешилик, Екибастуз-2, Екибастуз Северный, Екибастуз-1, Атыгай,



Павлодар ЭЦ-2, Павлодар Северный, Шарбакты, Майкаин Карасор и Спутник.

Железнодорожники совместно со стражами порядка провели профилактические беседы с жителями, раздали информа-

ционные памятки и напомнили о необходимости соблюдать правила безопасности вблизи железнодорожных путей. Особое внимание было уделено недопущению бесконтрольного выпаса скота в полосе

отвода железной дороги.

Согласно статье 559 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях, нарушение правил выпаса сельскохозяйственных животных влечет административную ответственность и штраф в размере до десяти месячных расчетных показателей.

Проведение таких рейдов направлено прежде всего на предупреждение происшествий и повышение ответственности владельцев животных. Железнодорожники призывают жителей не допускать выпаса скота вблизи путей и своевременно принимать меры, чтобы животные не создавали угрозу движению поездов. Ведь от внимательности и ответственности каждого зависит безопасность пассажиров, работников железной дороги и самих владельцев домашних животных.

Фото автора

Проект

ВТОРОЕ РОЖДЕНИЕ ВОКЗАЛОВ

В Костанайском регионе продолжается масштабная модернизация железнодорожных вокзалов в рамках республиканской программы обновления 124 вокзалов по всей стране. После капитальной реконструкции уже введены в эксплуатацию вокзалы на станциях Кушмурун, Аманкарагай и Железородная.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил заместитель директора по вокзалному хозяйству филиала АО «НК «КТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» Нурлан Байганин, вокзалы Аманкарагай (1961 года постройки) и Кушмурун (1949 года постройки) впервые за десятилетия получили комплексное обновление. Здесь полностью реконструированы здания, заменены кровля и инженерные сети, выполнены внутренние и наружная

отделка, установлены современные системы вентиляции и пожарной сигнализации, благоустроены прилегающие территории.

Для пассажиров оборудованы современные санитарные комнаты, установлены антивандальные кресла, внедрена тактильная навигация и созданы условия для маломобильных граждан. На обеих станциях также удлинены береговые перроны, обновлены освещение и покрытие. Сегодня через эти вокзалы курсируют 12 пар пассажирских поездов, а с начала 2026 года ими воспользовались 12,4 тысячи пассажиров.

Очередным завершённым объектом стал вокзал станции Железородная – одной из ключевых станций региона с интенсивным пассажирским и грузовым сообщением. Построенное в 1959 году здание было полностью демонтировано, а на его месте возвели новый одноэтажный вокзал площадью 416 квадратных метров.

В ходе реконструкции обновлены инженерные коммуникации, оборудованы эвакуационные выходы, установлена современная мебель и оборудование, благоустроена прилегающая территория, а перрон удлинён на 30 метров. Через вокзал ежедневно проходят 12 поездов – 10 пассажирских и два пригородных. Пассажиропоток составляет около 450 человек в сутки, а за первое полугодие текущего года услугами вокзала воспользовались более 45 тысяч человек.

Работы в регионе продолжаются. Сейчас на реконструкции находятся ещё шесть вокзалов – в Костанае, Железородной, Тоболе, Аркалыке, Еселе и Державинской, где ремонтные работы ведутся полным ходом.

ВЫСОТА ПРОФЕССИОНАЛИЗМА



Светлана МОГАЙ,
Караганда

За звание лучших боролись шесть команд. Карагандинскую дистанцию электроснабжения (ЭЧ-11) представляла команда, которой удалось показать наиболее высокий результат и завоевать первое место.

Конкурсные испытания проходили сразу на трех площадках. Участникам предстояло выполнить три вида практических работ, максимально приближенных к реальным производственным условиям.

Особое внимание судей было сосредоточено на соблюдении требований охраны труда и техники безопасности. Для работников контактной сети это далеко не формальность, а золотое правило, от которого зависит не только надёжность работы железнодорожной инфраструктуры, а также жизнь и здоровье самих специалистов.

Почетными гостями мероприятия стали начальник отдела охраны труда и техники безопасности Карагандинского отделения магистральной сети Асель Шакинова и начальник отдела СЦБ, связи и электроснабжения Карагандинского отделения магистральной сети Азамат Альмурзаев.

После завершения испытаний настал самый волнительный момент – подведение итогов.

После упорной борьбы победителем конкурса стала команда ЭЧ-11 Караганда, второе место заняла команда РКС-50 Босага, третье – РКС-51 Киик.

Не остались без внимания и работники, проявившие себя в индивидуальных номинациях: «Лучший верхолазный работник» – электромонтер РКС-48 Нельды Кудайберген Байдалин, «Лучший работник по соблюдению требований охраны труда и техники безопасности» – электромонтер



РКС-50 Босага Токтар Аубакиров, «Лучший специалист своего дела» – начальник РКС-49 Акадыр Жетпис Дуйсембеков, «Лучший руководитель» – начальник РКС-47 Жарык Куаныш Тынысбеков.

Подобные мероприятия способствуют укреплению командного духа и помогают формированию главного качества железнодорожника – ответственности за свое дело.

Фото автора

ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «КТЗ Express» (далее – АО «КТЗ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «КТЗ Express», которые начнутся 18 сентября 2026 года в 10:00 на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «КТЗ Express», утвержденными решением Совета директоров АО «КТЗ Express» (протокол от 10 января 2018 года № 1) (далее – Правила), и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года № 66) (далее – Регламент).

На аукцион на понижение цены выставляется следующее имущество:

№	Наименование имущества	Кол-во	Начальная стоимость	Стартовая стоимость	Минимальная стоимость	Гарантийный взнос
1	Skoda Super B6, 988BQ01, 2010 год	1	5 700 000	17 100 000	5 700 000	855 000
2	Lexus LX 570, 103 RR01, 2019 год	1	54 939 000	164 817 000	54 939 000	8 240 850
3	Lexus LX 570, 2014 год, госномер 109RR01	1	29 450 000	88 350 000	29 450 000	4 417 500
4	Вахтовый вагон	1	614 250	1 842 750	491 400	92 138
5	Контейнеры 20 футовые	58	17 322 686	51 968 058	13 858 149	2 598 403

Уважаемые потенциальные покупатели! Настоящим уведомляем, что к цене реализации объекта дополнительно начисляется налог на добавленную стоимость (НДС) в размере 16% в соответствии с действующим законодательством. Итоговая стоимость подлежит увеличению на сумму указанного налога.

Регистрация участников торгов начинается на веб-портале реестра со дня публикации извещения на веб-портале реестра и

заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги в форме аукциона методом на понижение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН:

050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившим в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник, первым подтвердивший свое желание приобрести объект продажи по объявленной цене и подписавший протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи имущества по цене продажи. Договор купли-продажи победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб-порталом реестра.

Перевозки

УГОЛЬ ДОСТАВЛЯЮТ С ОПЕРЕЖЕНИЕМ

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Кокшетау

В Акмолинской области продолжается подготовка к отопительному сезону 2026-2027 годов. Ключевую роль в обеспечении региона топливом играет КТЖ. Компания заблаговременно организует перевозку угля от крупнейших разрезов страны до станций области, что позволяет формировать необходимые запасы еще до наступления холодов.



По оперативным данным, в регион уже доставлено 1 миллион 101,8 тысячи тонн угля, при этом на железнодорожных туниках и складах поставщиков остается 110,1 тысячи тонн топлива. Это свидетельствует о том, что перевозки идут в плановом режиме, а основной объем угля уже доставлен в область до начала периода массового спроса.

Наибольший объем перевозок пришелся на станцию Кокшетау – 908,6 тысячи тонн, где сегодня сохраняется запас 23,5 тысячи тонн. На станцию Сороковая доставлено 60,4 тысячи тонн (остаток – 13,7 тысячи тонн), в Курорт-Боровое – 45,4 тысячи тонн (в наличии – 10,7 тысячи тонн), на станцию Жалтыр – 16,4 тысячи тонн, в Тайыншу – 15,9 тысячи тонн, в Астану – 14 тысяч тонн, в Жана-Есиль – 12,6 тысячи тонн, а в Саумалколь – 8,8 тысячи тонн.

Перевозки осуществляются со станций Кызылжар, Дегелен, Шубарколь, Коржункуль и других погрузочных пунктов. Основными отправителями выступают АО «Шубарколь Комир», АО «Каражыра», а также другие угледобывающие предприятия.

Сохраняющиеся запасы на туниках подтверждают, что КТЖ обеспечивает регион углем заблаговременно, не дожидаясь сезонного ажиотажа. Традиционно пик закупок населением приходится на более поздний период, поэтому своевременная доставка позволяет жителям приобретать топливо без перебоев и создает необходимый резерв для стабильного прохождения предстоящего отопительного сезона.

Фото автора

КТЖ НАПОМИНАЕТ О ПРАВИЛАХ

Айлин БАУРЖАН,
Астана



В преддверии нового учебного года АО «НК «Қазақстан темір жолы» напомнило школьникам и их родителям о правилах безопасного поведения вблизи железной дороги в рамках идеологии «Закон и порядок».

В компании призвали родителей вместе с детьми проверить безопасный маршрут от школы и напомнить, что переходить железнодорожные пути следует только в установленных местах, предварительно убедившись в отсутствии приближающегося поезда.

Особое внимание уделено использованию телефонов и наушников: во время перехода путей они могут отвлечь внимание и помешать вовремя услышать сигнал поезда. Железнодорожники подчеркивают, что соблюдение правил – залог безопасности и сохранения жизни.

Исполнительная дирекция Ассоциации национальных экспедиторов Республики Казахстан выражает глубокие соболезнования генеральному директору ТОО «TRANCO-PL» Сергею Сергеевичу Анашкину по поводу кончины брата

Вячеслава Сергеевича Анашкина.

В эти тяжелые для вас дни мы разделяем тяжесть утраты и желаем вам крепости духа и стойкости.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписывая протокол об итогах торгов, подтверждает, что на момент покупки объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки объекта возмещению не подлежат и продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к продавцу по вопросу качества, комплектности объекта.

С положениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «КТЗ Express» www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

Дополнительную информацию можно получить по телефонам: 87710838734 (АО «КТЗ Express»), г. Астана, Дінмұхамед Қонаев, 10, и 8-7172-55-29-81 (АО «ИУЦ»), г. Астана, ул. А. Жубанова, д. 16, 4-й этаж.

IQAS – ТІЛ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН QUIZ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да 5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күні қарсаңында «Ана тілім – ардағым» атты IQAS квизи өтті. Мемлекеттік тілді дамыту секторының ұйымдастыруымен өткен білім сайысына 11 команда қатысты.

Аталған сектор басшысы Ербол Тоқтағазы қатысушыларға сәттілік тілеп, бұл жарыс компаниядағы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытында атқарылып жатқан жұмыстың бір бөлігі екенін жеткізді. Ал қазақша квиздің авторы Мерей Ермұханов жарыс 4 кезеңнен тұратынын жеткізіп, сұрақтар мазмұнына шолу жасап өтті.

Компанияның кітапханасында өткен жарыста түрлі департаменттерде жұмыс істейтін қызметкерлер 4 адамнан тұратын команда құрып, оған ұлттық атаулар берді. Командалық жарыстың бірінші кезеңі – «Кіріспе» турында қатысушыларға 4 жауап нұсқасы бар 7 сұрақ берілді, олардың әрқайсысына сайыскерлер 30 секундта жауап беруі тиіс болды. Сұрақтар қазақ әдебиеті мен тарихына қатысты болды. Екінші кезең – «Сөзжұмбақ» деп аталды. Үшінші кезең – «Байланыс» деп аталып, қатысушылар 10 сұраққа жауап берді. Төртінші «Ақтық мәре»



турында әрқайсысына 1 минут уақыт берілетін 7 сұрақ қойылды. Сауалдардың бәрі логикаға негізделген.

Квиз нәтижесінде 11 команданың ішінде бас жүлдені «І 100 DI» командасы иеленсе, 1-орын «Сарыарқа» тобына, 2-орын «Алаш рухы» командасына берілді және 3-орынды «Қуырдақ» пен «Береке» командалары өзара бөлісті.

– QUIZ өте қызықты әрі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сұрақтары мазмұнды, танымдық және ойлануға мүмкіндік берді. Қатысушыларға ерекше көңіл-күй

сыйлап, ана тіліміздің қадір-қасиетін тағы бір рет сезінуге ықпал етті. Осындай рухани танымдық әрі қызықты шаралар жиі ұйымдастырылып тұрса дейміз, – дейді компанияның Техникалық орталығының бас менеджері, «Алаш рухы» командасының қатысушысы Азамат Маңғытаев.

Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен, барлық қатысушылар ынталандыру сыйлықтарымен және Алғыс хаттармен марапатталды.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

BOOKSTATION: МЕСТО, ГДЕ КНИГИ ОБЪЕДИНЯЮТ

Всего месяц назад появился книжный клуб BookStation, а сегодня в центральном офисе АО «НК «Қазақстан темір жолы» уже состоялась его первая встреча. За это время клуб объединил 32 любителей чтения из разных департаментов, филиалов и дочерних компаний ҚТЖ.



В BookStation каждый месяц выбирают одну общую книгу, которую читают все участники, а затем собираются, чтобы обсудить ее. Августовской книгой стал роман писательницы Нелл Харпер Ли «Убить пересмешника».

Разговор получился живым и искренним. Одни говорили о справедливости, другие – о взрослении и смелости оставаться верным своим принципам. Одно произведение вызвало множество разных взглядов, и именно это стало главной ценностью первой встречи.

Основательница клуба, сотрудница HR-филиала АО «НК «ҚТЖ» – Дирекция по модернизации

вокального хозяйства» Алия Аяганова, рассказала участникам о самой Нелл Харпер Ли и о том, почему именно с этой книги хотелось начать историю BookStation.

Для Алии Аягановой это уже не первая инициатива, которая объединяет людей вокруг добрых идей. Осенью прошлого года она впервые взяла в руки вязальные спицы, а уже 22 ноября 2025 года основала волонтерский проект «Аяла», помогающий детям, родившимся раньше срока в родильных домах Казахстана. Сегодня вокруг него сформировался клуб вязальщиц ҚТЖ, где сотрудницы компании создают теплые вещи для самых

маленьких.

– Мне хотелось создать пространство, где коллеги смогут знакомиться не только по работе, но и через книги. Ведь за каждой прочитанной историей стоит человек, его мысли и чувства. Когда мы делимся этим друг с другом, становимся ближе, – говорит Алия Аяганова.

Первая встреча показала, что у BookStation есть все шансы стать новой доброй традицией ҚТЖ – местом, где после рабочего дня находят время для искренних разговоров, новых книг и вдохновения.

Руслан РАХМЕТОВ
Фото Александра ЖАБЧУКА

В ШКОЛУ – С ПОДАРКАМИ

Больше сотни первоклассников, чьи родители работают на железной дороге Оскеменского региона, накануне нового учебного года сели за парты. Подготовиться к одному из самых важных событий в жизни ребят помогли предприятия железнодорожной отрасли и профсоюз.

В Усть-Каменогорске праздничные мероприятия прошли сразу на двух площадках – в школе № 22 микрорайона Защита и на территории Семейского отделения магистральной сети по Оскеменскому региону. Здесь собрались дети, их родители, бабушки и дедушки.

Как рассказала председатель первичной профсоюзной организации узла станции Оскемен-1 Салтанат Құлетәева, в гости к детям пришли любимые мультяшные персонажи – Стич, Куроми, Леди Баг и Человек-паук. Ребята с удовольствием включились в программу: играли, прыгали, участвовали в веселых конкурсах. Особый восторг вызвало шоу мыльных пузырей.

С поздравлением к ребятам обратился заместитель директора Семейского отделения магистральной сети по Оскеменскому региону Марат Уалиев. Он пожелал первоклассникам отличной учебы, хорошего настроения, новых знаний и открытий, а их семьям – благополучия и добра.

Праздник продолжился угощением. Детям раздавали сладкую вату. А главным сюрпризом для участников стали подарки за победу в конкурсах – стильные школьные рюкзаки, укомплектованные необходимыми канцелярскими принадлежностями.

Представители профсоюзного актива региона также провели акцию в школе № 22, откликнувшись на приглашение Центра территориального управления № 9 Усть-Каменогорска в микрорайоне Защита. Кроме того, акция «Дорога в школу» прошла и на линии – на станциях Кумистау, Алтай, Риддер, Шемонаиха.

Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск

СЕГІЗ МЫҢНАН АСТАМ БАЛА ДЕМАЛДЫ

Қазақстанда теміржол саласы қызметкерлерінің балаларына арналған ауқымды жазғы сауықтыру науқаны аяқталды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниясы еліміздің барлық өңірлерінен 7 жастан 13 жасқа дейінгі 8 000 астам бала үшін пайдалы және қызықты демалысты қамтамасыз етті.



Жыл сайынғы бұл әлеуметтік жобаның басты мақсаты – қызметкерлердің отбасыларына шынайы қамқорлық көрсету, өскелең ұрпақты барынша жайлылықпен, қауіпсіздікпен қамтамасыз ету және олардың денсаулығын нығайту.

Жас қонақтар Қазақстанның жетекші балалар сауықтыру орталықтарында алаңсыз демалды. Демалыс географиясы еліміздің бірегей курорттық және табиғи өңірлерін – Бурабай, Зеренді, Шалқар-Имантау курорттық аймағы, Каспий (Маңғыстау), Түркістан, Ақтөбе, Жамбыл, Алматы, Қостанай және Шығыс

Қазақстан облыстарын қамтыды.

Маусымды ұйымдастыру кезінде үш негізгі факторға ерекше назар аударылды: жайлылық – барлық қажетті инфрақұрылымы бар заманауи абаттандырылған ғимараттарда тұру; денсаулық – теңдестірілген бес рет тамақтану, тұрақты спорт секциялары және таза ауада сауықтыру рәсімдері болды. Негізгі факторлардың бірі қауіпсіздікке ерекше көңіл бөлінді. Аумақтар тәулік бойы қорғалып, тұрақты медициналық қолдау білдірілді және білікті педагогикалық құрам қызмет көрсетті.

Балалардың айтуынша, жазғы

лагерь олардың жеке дамуына түрткі болды. Әр маусымның бағдарламасы әр баланың әлеуетін ашуға арналған. Жаздың үш айында балалар ондаған зияткерлік ойындарға, дамытушылық квесттерге, шығармашылық шеберлік сабақтарына, сондай-ақ спорттық турнирлерге, эстафеталарға және жүзу сабақтарына қатысты.

Осындай ауқымды сауықтыру науқанын өткізу ҚТЖ-ның өз қызметкерлерінің әл-ауқаты мен балаларының болашағына инвестиция салатын әлеуметтік жауапты жұмыс беруші ретіндегі мәртебесін көрсетеді.

Ислам ТАЛҒАТ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА – БІРГЕ!

Жаңа оқу жылы қарсаңында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның барлық өңірлік бөлімшелерінде жыл сайынғы «Балаларды мектепке жинайық!» атты қайырымдылық акциясы өтті.



«Жаңа оқу жылына – бірге!» ұранымен өткен ауқымды акция аясында ҚТЖ корпоративтік еріктілері күш біріктіріп, мектепке 730 бірінші сынып оқушысын дайындады. Барлық қажетті оқу құралдарымен

толық жабдықталған рюкзактар Қазақстанның шалғай станцияларында тұратын және жұмыс істейтін теміржолшылардың көп балалы отбасыларынан шыққан балаларға жеткізілді.

Жиналған әрбір сөмке бірінші сынып оқушысының оқудағы қуанышты бастама қажеттіліктерін толығымен қамтамасыз етеді. Станциялардағы балалар үшін бұл жай ғана пайдалы сыйлық емес, сонымен қатар бүкіл үлкен теміржол отбасын қолдаудың белгісі.

Компания басшылығы барлық корпоративтік еріктілерге жеке уақыттары, қамқорлығы және игі іске қатысқаны үшін зор алғысын білдірді. Дәл осындай игі бастамалар ҚТЖ-ның мыңдаған мүшесі бар ұжымының корпоративтік рухы мен бірлігін нығайтады.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ

их семьях является одним из важных направлений работы. Подобные акции проводятся ежегодно и уже стали доброй традицией, которую с благодарностью ждут железнодорожники и их дети. Поддержка многодетных семей осуществляется не только в рамках акции «Дорога в школу». Первичные профсоюзные организации на постоянной основе принимают участие в социальных инициативах, оказывают помощь семьям и стараются не оставаться в стороне, – рассказал председатель Карагандинского филиала «Казпрофжел» Яхия Альмусин.

Родители, получившие помощь, также выразили искреннюю благодарность организаторам акции.

– Спасибо за внимание и заботу, которые оказывает профсоюзный комитет, и прежде всего за неравнодушный подход к любому благородному делу, – высказались они.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

Қауіпсіздік

ЖОЛШЫЛАР ДАБЫЛ ҚАҒАДЫ

Биылғы сегіз ай ішінде Маңғыстау жол дистанциясының аумағында алты рет пойызға мал басылу дерегі орын алды. Малдың кімге тиесілі екені анықталып, үш адам жауапкершілікке тартылды.

Өңірде соңғы кездері бағусыз жайылған ірі қара малдың теміржол бойына шығып кетіп, пойыз қозғалысына қауіп төндіру фактілері жиілеп кеткені дабыл қақтырып отыр. Маңғыстау жол дистанциясының жетекші жол инженері Ержан Артықбаевтың айтуынша, сөз болып отырған уақыт ішінде машинистер 96 рет шұғыл тежеу берген.

– Тиісті ережелерді ескермеген мал иелеріне ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 30-тарауы «Теміржол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қағидаларды бұзу» туралы 559-бабына сәйкес айыппұл салынады. Малдың пойыз астына түсуі екі жаққа да қып-қызыл шығын. Қожайыны асырап отырған ақ-адал малынан бір айрылып, заңдық жауапкершілігін тағы арқалайды. Ал теміржолға қауіп-қатері мен материалдық шығыны тағы бар. Мәселен биылғы мал басу дерегінде бір рет тепловозға зақым келді. Түйе, жылқы немесе қара мал да осал жануар емес. Пойызға соғылу кезінде тепловоз алдындағы қаңылтыр бөлшегі майысады немесе сынады. Сондықтан тұрғындар төрт түлікті бақташыға бақтырса, темір жолдан әрлі-берлі малын айдап өткенде ереже сақтауды естен шығармауын сұраймыз, – дейді Ержан Артықбаев.

Маңғыстау дистанциясының мамандары ай сайын телімдерді аралап, малды ауылдарды жағалап, тұрғындарға профилактикалық жұмыстар жүргізуден кенде емес. Сонымен қатар осы жылы 22 шақырымда жаңадан малға қоршау салу жоспарлаған. Қазір аталған орындарда құрылыстық шпалдармен қоршау орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр. Енді тікенек сымдар келсе, жұмыс суық түспей бітеді дейді мамандар.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Биыл елімізде теміржол жиегінде мал жайған 1 364 азамат жауапкершілікке тартылды.

Жақында осындай оқиғаның тағы біреуі тіркелді. Ұлытау облысындағы Атасу-117 рзд учаскесінде Қарағанды – Маңғыстау бағытындағы жолаушылар пойызының машинісі жолға шығып кеткен малды көріп тұрып жеткен беруге мәжбүр болды. Алайда арақашықтықтың аздығына байланысты соқтығысудың алдын алу мүмкін болмай, пойыз үш жылқыны қағып кетті. Жоспардан тыс аялдама 14 минутты құрады. Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу

барысында мал иесі – Ұлытау облысының 45 жастағы тұрғыны анықталды. Ол темір жолдың бөлігін жолғағында мал жаю ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылды.

Жыл басынан бері көліктегі полиция департаменті пойыздарды шұғыл тежеуге қатысты 930 факт тіркеген, оның ішінде 474 жағдай темір жолға төрт түліктің шығып кетуіне байланысты болған.

Ұлан ОРАЗ

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

КАЗТЕМІРЖОЛКӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 8 000
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол
көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Атырау: Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубәева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қржаев 8-707-906-79-80
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертay 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркеу күнелігі берілді.